



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. <http://sc0009.arshaly.akmoedu.kz>
3. Михайоловка <https://ru.wikipedia.org>

ӘОЖ 902(904)

ҚЫШ ӨНЕРІ – МӘДЕНИЕТ ТУЫНДЫСЫ

Баймагамбетова Арайлым

duisengalieвна@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Үміткалиев Ұ.Ұ.

Еліміздің ұлттық құндылықтарын құрмет тұтып, тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыру қай заманда болмасын маңызды мұқтаждық ретінде, күн тәртібінде тұрары белгілі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық сананы жаңаша қалыптастыру, яғни халқымыздың барлық салт-дәстүрлерін, тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетіміз бен мейлінше көнерген мәдени мұрамызды, қазақи рухымызды жаңғыртуымыз керек екенін айқындап отыр [1]. Әсіресе, бүгінгі жаһандануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайында бұл мәселенің өзектілігі маңызды. Бұл жайлы “Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн” деген Елбасының сөзі баршамызға салмақты міндеттер жүктейді [2]. Сондықтан, бүгінгі таңда басты мақсат – жас ұрпақты адамзаттық құндылықтар мен ұлттық игіліктер, рухани-мәдени мұралар мен халықтың ұлттық қолөнер сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу болып отыр.

Қазақ халқының мәдени мұрасы мен тыныс-тіршілігі, қолөнері, ондағы өшпес тарих, ғасырлар жаңғырығы әрбір адам баласына орны толмас қуат береді. Халықтың қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай білуді үйретеді. Халықтың ұлттық қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіру мен егіншілікке, тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Соның ішінде, ежелден осы күнге дейін келе жатқан және өте кең көлемді тараған өнердің бірі – қыш өнері, қыштан әр-түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау болып табылады.

Қыш өнері – адамдар мыңдаған жылдар бойы айналысып келген өте көне өнердің түрі. Әлемдік тарихта қыш бұйымдарын өндіру өнімі қола мен темірді өңдеуге қарағанда бірінші болып, адамзаттың күнделікті мәдениетін дамытуға үлкен ықпал еткен өнердің бірі болып саналады [3-3б]. Қазба кезінде жиі кездесетін, әрі саны жағынан ең көп археологиялық деректердің бірі – керамика, яғни саздан, қыштан жасалған ыдыстар. Керамика - “*Керамос*” сөзі грек тілінен аударғанда *саз балшық, қыш* деген мағынаны білдіреді. Керамиканың пайда болуы адамзат қоғамының дамуындағы жаңа сатыға көшудегі технологиялық серпіліс болып табылады. Өйткені ол адамзаттың әр-түрлі қажеттіліктері үшін жасалған алғашқы материал. Қыш өнері кенеттен пайда болған жоқ, жаңа материалды игеру процесі мыңдаған жылдар бойында біртіндеп өзгеріп отырды. Қыш өнерінің пайда болуы ертедегі адамдардың әр-түрлі азық-түлікті белгілі бір ыдыста сақтау қажеттілігінен туындап отыр [4-4б]. Алайда, қыш өнімдерін дайындаумен қатар адамға таныс тас, ағаш, оның қабығы және тері секілді материалдар да қолданылған. Дегенмен, олардың барлығында өзіне тән кемшіліктері болды. Айта кетсек, өңдеуде тас өте күрделі, ал ыдыстары айтарлықтай салмаққа ие. Теріден жасалған өнімдер пішінді ұстамайды, ал ағаштан және оның қабығынан дайындалған ыдыстарда сұйық

тағамдарды сақтауға, тағамды отқа дайындауға болмайды. Сол себепті адам баласы үй-шаруашылықтарына қолайлы материал қыш өңдеумен айналыса бастады. Және де бұл ашылудың маңыздылығын адамзат тарихының жаһандық аспектісінде дөңгелектің, бу қозғалтқыш және дербес компьютердің пайда болуының маңыздылығымен салыстыру өте қиын [4-86].

Археологтар үшін қыш ыдыстар құнды дерек, себебі, археологиялық қазба кезінде табылған қыш ыдыстар арқылы ескерткіштің қандай археологиялық мәдениетке жататыны, оның өмір сүрген уақыты, шығу тегі, таралу аймағы, басқа археологиялық мәдениеттермен байланысы анықталады.

Алғашқы қыш бұйымдар полеолит дәуірінде пайда болған. Оған дәлел Шығыс Европада Моравии территориясынан 27-24 мыңжылдықтарда табылған күйдірілген қыштың әр-түрлі нысандары. Сонымен қатар, Сібір аумағында да ежелгі қыш өнімдері табылған. Мысалыға оған Жоғарғы Енисейде Майнин тұрағының қазба жұмыстары арқылы табылған 16мыңжылдыққа жататын антропоморфтық пішін жатады [4-56].

Ал, Қазақстан аумағынан табылған алғашқы қыш бұйымдар неолит (б.з.б. 5500 – 3000жж) дәуіріне жатады. Сол дәуірлерде адамдар мал бағып, жер өңдеуге кірісті, балшық илеп, түбі дөңгелек келген, қарапайым ою салынған ыдыстарды отқа салып күйдіруді үйренді [5].

Қыш ыдыстарын жасап шығарудың жалпылама процессі қарапайым болып келеді. Олар мынадай негізгі кезеңдерден өтеді:

1. Саз балшықты илеу.
2. Шеберханада балшыққа белгілі бір форма беру немесе жасау жұмысы.
3. Детальдарды өзара қиуына келтіріп, олардың қалыңдығы мен салмағын ескере отырып бір-біріне жабыстыру.
4. Ыдыстың жоғарғы жағын толық бітіріп, ылғал аспаппен сылап шығу.
5. Өрнек салу және құрғату барысында пайда болған сызаттарды кетіру жұмысы.
6. Ылғалдықты, желдету және температураның қажетті нормаларын сақтай отырып кептіру жұмысы.
7. Керамикалық затты ысыту, маймен немесе бояумен сүрту жұмысы.
8. Соңғы кезеңі – ыдысты пешке салу. Онда зат толық күйдіріледі, одан кейін суытылады және пештен қайта алынады [4-836].

Керамикалық заттарды жасаудың жоғарыда айтылған тәсілі шамамен барлық мәдениетте осылай өрбіген. Қыш ыдыстарды жасаудағы қажетті құрал саймандар да аса қарапайым болып келеді. Олар пышақ, шпатель, ағаштан, тастан және сүйектен жасалынған тоқылдақтар (колотушки).

Материалдық мәдениеттің өркендеуі, саз балшықтан бұйым жасаудың этникалық ерекшеліктері, өндірістің басқа да салаларының (ағаш, тас, металл өңдеу жұмыстары, шыбықтан ыдыс тоқу ісі ж.т.б.) дамуына байланысты керамикалық жұмыстарды ұйымдастырудың формасы да өзгеріп отырған.

Қыш бұйымдарын жасау ісі алдымен сол қоғамның шаруашылық істеріне, өнімдерді дайындау және сақтау жұмыстарына, керамикалық заттарды шығару мүмкіндігіне байланысты болып келеді.

Қыш-құмыра өнері – жанұядан басталып, қолөнер ісінің алғашқы сатысын қалайды. Керамикалық ыдыстардың жікке бөлінуі (классификация) оның шаруашылық мақсатқа, күнделікті тұрмыс тіршілікте және арнайы тірліктерде қолдануына байланысты болады. Ол ыдыстың сыртқы пішіні, көлемі, өрнек-оюлары мен бірден көзге түсетін ерекше бөлімдері арқылы байқалады. Керамикалық ыдыстар күнделікті ас ішуде шағын көлемде, тамақ дайындау мәзірінде орта көлемде және сақтау ісі мен арнайы жұмыстар үшін үлкен көлемде болып келеді.

Қыш ыдыстардың ерекшеліктері:

1. Ылғал өткізбейтіндігі.

2. Отқа шыдамдылығы және жылу өткізу қабілеті.
3. Құрамы жағынан мықтылығы, төзгіштігі.
4. Жасалуының қарапайымдылығы.
5. Қалаған көлемде жасауға болады.
6. Шикізат көзінің барлық аймақта көптеп кездесуі және басқалары[6].

Қыш өнімі – қайталанбас көркем зат, оның қолдану аумағы мен эстетикалық шегі жоқ.

Қыштан ең кішкентай кеседен бастап архитектуралық ірі монументтерге дейін жасауға болады. Қыш заттар алуан түрлі кескінде, адамзат өмірінде әр-түрлі ұрпағының өмірінің әшекей бұйымы ретінде қолданылады. Қыш құюшылардың өнімдері көпқырлы танымалдылығымен ерекшелінеді. Қазақстандағы қыш ыдыс өнімдерін шығару біраз жылға құлдыраудан кейін қазіргі уақытта қайтадан өрлеу шыңына көтерілді десек те қателеспейміз. Мысалыға, қазіргі кезде күнделікті тіршілікте әр адам табиғи ыдыс пайдаланғысы келеді. Түрлі құмыралар, сазбалшықтан жасалған кәдесыйлар ерекше көрінеді. Қыш ісімен айналысатын шеберлер бүгінгі күні көп емес, алайда өнімге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, сазбалшық денсаулыққа пайдалы. Қыш материалынан жасалған заттар табиғатта көп, адамның іс-әрекетінен туған табиғаттың қарапайым туындысы. Осыған орай бұл өнер түріне қызығатындар жыл сайын көбеюде. Қазақстан нарығында авторлық керамика өнімдері бойынша бәсекелестік байқалмайды. Алайда болашақта бұл сала бойынша бәсекелестерің пайда болуы әбден мүмкін. Жоғары сапа, өзіндік стиль, жарнама қыш өнерін өрге бастырады[7]. Бүгінгі күні ол тек ыдыс-аяқ пен сәндік бұйымдарды өндіруде ғана емес, сонымен қатар, адами қызмет спектрі, оның ішінде өнеркәсіп, медицина, құрылыс және жоғары технологияларда кеңінен қолданылады.

Ұлттық қолданбалы өнер тарихына сүйене отырып, қыш өнерінің қалыптасуы мен дамуының кәсіби деңгейін, ерекшеліктерін анықтай отырып, жас ұрпақ өз ұлтының көнеден келе жатқан қыш өнерін білуіне құштарлығын арттыруымыз қажет. Әр халықтың болашағы жастарына тәуелді. Егер әр халық жас ұрпағын өзінің ұлттық рухымен тәрбиелемесе, онда ол елдің болашағы бұлыңғыр екендігін бүгінде ғалымдар айтып кетуде. Халқымыздың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал жастар кейінгі буынға сол бай мұраны тапсырмаса, ұлттық атау жоғалары сөзсіз. Сол себепті ұлттық дүниетанымды өткен сарынның тарихи желісінің рухын таныту, көнеден келе жатқан мәдени мұрамызды сақтау және оны ұмыттырмау маңызды қағида.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы мақаласы: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhgyru>.
 2. Елбасының «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
 3. http://www.inform.kz/kz/elbasy-nursultan-nazarbaev-kazakstan-zholy-2050-bir-maksat-bir-mudde-bir-bolashak-zholdaudyn-tolyk-matini_a2622266
 4. Карабалов.К, Кара Абдал.Е, Кендебайұлы.Ш «Школа гончарного искусства» – практическое руководство. – Этно-музей Шымкент, 2013, 36
 5. Бердников И.М., Лохов Д. Н. Керамика в археологии: описание, анализ, методы исследования. – ИГУ, 2014, 4-836
 6. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. — Алматы: Атамұра, 2010.
 7. Бобринский А.А. Гончарство Восточной Европы. Источники и методы изучения. – М., 1978.
1. Саз-қыштан бұйымдар жасау ісі. <http://imurat.kz/saz-qyshtan-buiymdar-zhasau-isi/>